

2023 жылдын қыркүйек айында «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсын қалалық кезеңі өткізілді.

Конкурстың мақсаты – пәндер бойынша таңдау курстарын, арнайы курстар, элективті курстар, оқу пәндерінің авторлық бағдарламаларын құрастыратын үздік мұғалімдердің алдыңғы қатарлы авторлық тәжірибесін анықтау және тарату.

Конкурстың негізгі міндеттері:

- зерттеуші-педагогтың шығармашылық әлеуетін анықтау және қолдау;
- практикада өзінің жеке әзірлемелерін қолдануға мүмкіндік туғызу;
- алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені тарату;
- шығармашылық қызметтің нәтижелерімен, педагогикалық идеяларымен және жобаларымен бөлісу.

Осы байқауға біздің мектептің тарих пән мұғалімі Ешаева Райса Акидаулетовна қатысты. Мұғалім байқауға 5 сыныптқа арналған авторлық бағдарлама әзерледі «Я познаю мир от теории к практике».